

Қ. Н. Аbugалиев, Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясының Ғылыми-зерттеу институтының ішкі істер органдарының қызметін реттейтін заңнаманы зерттеу және мониторингтеу мәселелері бойынша орталығының аға ғылыми қызметкері, филология ғылымдарының кандидаты

2014 ЖЫЛҒЫ ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҚЫЛМЫСТЫҚ КОДЕКСІНІҢ ЖЕКЕ АДАМҒА ҚАРСЫ ҚҰҚЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚ МӘСЕЛЕЛЕРІНДЕГІ АУДАРМА ТІЛІНІҢ СӘЙКЕСТЕНУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Аннотация. Мақалада Қазақстан Республикасының жаңа Қылмыстық кодексі I-тарауының орыс тілді мәтінін қазақ тіліне аударылу мәселелері қарастырылған. Осы тұрғыда аударманың сапасы жайында сын-пікірлер қозғалады.

Түйін сөздер: мемлекеттік тіл, нормативтік құжаттар, қылмыстық кодекс, түсініксіз тіркестер, сөйлеу мәдениеті, аударма сапасы, анықтауыштық сипат.

Мемлекеттік тілге қатысты солқылдақ заңымыз «айылын тартып, белін бекемдемесе», «баяғы жартас — бір жартастың» жетегінде жүре беретініміз әркімге аян. Оған кез келген мемлекеттік маңызды заңдардың орыс тілінде қабылданып, қарапайым қазақы тілді халыққа сорақы аудармаларының жететіні — дәлелдердің бірі ғана болады. Мұндағы мәселе — аталған қаулы-қарарлардың «бауырлас» тілімізде қабылдануына қарсылық білдіру емес, тек халық үшін шығарылған заңдардың сол халыққа түсінікті болып жетуінде. Міне, осы тұрғыда аудармашының біліктілігі, аударманың сапалылығы хақында тағы да бір әңгіме қозғамақпыз.

Құжаттарды мемлекеттік тілге аудару тек қажеттілік емес, сонымен қатар заң талабы. Тіл проблемасының бір аспектісі оның сапасы мен қолданылу деңгейінде. Нормативтік құжаттарды аудару кезінде аудармашы «нақтылық, қысқалық пен нұсқалық» сияқты қарапайым қағиданы естен шығармаған жөн.

Осы талаптардың іс жүзінде орындалуы әрқашан көңілден шыға бермейді. Басқа нормативтік құқықтық актілерді былай қойғанда, Конституцияның өзінде заңи техниканың тілге қатысты талаптары сақтала бермейтінін мамандар айтып жүр¹.

А. Жұмағали қылмыстық, қылмыстық істер жүргізу және қылмыстық-атқару кодекстерінің мемлекеттік және орыс тілдеріндегі мәтіндерінің сәйкес келмеуінің себептерін былай топтастырады:

- 1) терминологияның дұрыс болмауы;
- 2) зат есімдердің көпше және жекеше түрлерімен байланысты сәйкессіздіктер;
- 3) қазақ тілінде «род» грамматикалық категориясының болмауына байланысты сәйкессіздіктер;
- 4) ресми мәтіндердегі терминдердің мағыналық мазмұнының сәйкес келмеуі;
- 5) бір терминнің орнына бірнеше термин қолдану;
- 6) терминнің орынсыз қолданылуы;
- 7) мемлекеттік тілдегі мәтінде түсініксіз тіркестердің қолданылуы;
- 8) бір ресми мәтінде бардың екіншісінде болмауына байланысты сәйкессіздік;
- 9) септік жалғауларының қолданылмауына байланысты сәйкессіздіктер².

Жоғарыда аталған кемшіліктерді саралай келе, біздің қосарымыз — мәтінді аудару кезінде тіл табиғатының, яғни стилінің сақталмауы немесе мәтін сөздерінің тым ресмилік сипат алуы салдарынан, тұтас мағынаның сапасының солғындауы, түсінікке ауыр тиюі. Осыған орай, 2014 жылғы Қазақстан Республикасы Қылмыстық кодексінің I-тарауының аудармасын талдап көрелік. Мәселен, 100-баптағы мәтін ішіндегі «в состоянии психического расстройства, **не исключаящего вменяемости**» деген тіркес қазақ тіліне «**есінің дұрыстығы**

жоққа шығарылмайтын психикасының бұзылуы жағдайында» деп аударылған. Белгіленген тіркестің орыс тіліне сөзбе-сөз аударылуы салдарынан мәтіннің мағынасын бірден түсіну қиынырақ. Мұнда абзалы **«есі дұрыс болып»** немесе **«есі дұрыс бола тұрып»**, — деп қолданса, мәтінді түсіну әлдеқайда жеңіл тиер еді. Сонымен қатар 108, 109-баптардағы **«арест»** терминін **«қамаққа алу»** дегеннен көрі, ауызекі тілдегідей қарапайым **«қамауға алу»** деп алып, термин ретінде қолданған дұрыс болар еді.

Келесі бір олқылық, жоғарыда аталғандай, аударма жасағанда әрбір сөздің дәлме-дәл аударылуын ғана қамтығандықтан, толық мәтіннің мағынасының түсінікке ауыр тиюі болып табылады. Мысалы, 2014 жылғы жаңа Қылмыстық кодекстің 116-бабының 2-бөлігінің 1-тармағы **«кінәлі адамға дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі адамға қатысты»** деп аударылған, орысшасы — **«в отношении лица, заведомо для виновного находящегося в беспомощном состоянии»**. Қазақ тілінде бір сөйлем ішінде бір сөздің дәлме-дәл екі немесе одан да көп қайталанып келуі сөйлеу мәдениетінің нашарлығын аңғартып қана қоймай, мағынаның толық берілуіне кедергі келтіріп, әлгі сөйлемнің жаңылтпашқа ұқсауына жағдай жасайды. Міне, сондықтан жоғарыдағы сөйлемде **«кінәлі адамға»** деп нақтылай түскеннен гөрі, **«кінәліге»** деп қолданса, дұрысырақ болар еді. Бұл жерде кінәлінің жануар емес, адам екені бесенеден белгілі. Аталған сөйлемнің мағынасының айқындығын ашпай тұрған, келесі керісінше жағдай — нақтылықтың жетіспеуі. Яғни **«белгілі»** деген сөзді **«белгілі болған»** деп нақтылап көрсетсе, **«белгілі»** сөзі анықтауыштық сипаттан ажырайды. Сонда жоғарыдағы сөйлемнің аудармасын **«кінәліге дәрменсіз күйде екені көрінеу белгілі болған адамға қатысты»** деп алсақ, әлдеқайда түсінікті болар еді деп ұйғарамыз. Міне, осы тектес аударма ақаулары жоғарыда аталған тарау баптарының бірнеше жерінде қайталанып кездеседі (99-баптың 3-бөлігі, 106-баптың 3-бөлігі, 110-баптың 2-бөлігінің 1, 3-тармақшалары т. с. с.).

Міне, осындай аудармалардың сапасының солғындауынан, кейде заң мәтіндерін, түрлі нормативтік-құқықтық құжаттарды жақсы түсіну үшін оларды бірнеше рет қайталап оқуға тура келеді. Ал, заң халыққа арналып шығарылатындықтан, тілі де халыққа түсінікті, ұғынықты болғаны қажет. Заң мәтіндерінің қазақша нұсқасы орысшаға байлаулы екені рас. Бұл жайтта күш аудармашыға түсіп, ондағы жауаптылық мәселесі де соның мойнына жегіледі. Сондықтан да сөзімізді түйіндей келе, қандай да бір мемлекеттік маңызы бар құжаттың мемлекеттік тілге аударылуы қатаң талқы таразысынан өтіп барып, заңды құжаттануы керек. Яғни, бұл істе «жүрдім-бардымдылыққа» жол беру — тілге деген қиянат.

Қорыта айтқанда, аударма барысында нормативтік-құқықтық мәтінді құру барысында төмендегідей жалпы ережелерді есте ұстаған жөн:

– нормативтік сөйлемдердегі сөздердің тәртібі қазақ тіліне тән қарапайым, грамматикалық тұрғыда, баяндауыш мүше соңында, анықтауыш толықтауыштың алдында, онан пысықтауыш, ал бастауыш сөйлемнің басында болады;

– егер сөйлем бірнеше басыңқы сыңарлы компоненттерден құралса, сөйлемнің синтаксистік құрылу талабына орай, құрмалас сөйлемнің құрамы үш жай сөйлемнен аспағаны абзал;

– сөйлемде біртектес грамматикалық формалардан құрылған тізбектер болмауы керек;

– анықталушы сөздің алдында екі-үш жанама анықтауыштан артық болмай, бұл анықтауыштардың сөйлемдегі жалпы саны жеті-сегізден артпауы керек;

– грамматикалық құрылымдағы бағыныңқы, басыңқы компоненттердің арасына бес сөзден артық қоймау керек.

Бағыныңқы, басыңқы сыңарлардың арасындағы ара қашықтық ұлғайған сайын сөйлемдегі синтаксистік нақтылық та солғындай түседі. Ал сөйлемнің тым қысқа құрылуы да мазмұнның мазмұнды берілуіне кесірін тигізеді. Мәселен, орыс тілінде сөйлемнің орташа көлемі 19 сөзден тұрады. 6 сөзге дейінгі көлем қысқа болып есептеледі³.

РЕЗЮМЕ

В статье рассмотрены проблемы идентичности перевода с русского языка на государственный язык гл. I нового Уголовного кодекса Республики Казахстан, выявленные в тексте Кодекса ошибки классифицированы согласно теории языкознания.

RESUME

In the article of рассмотрены problem of identity of translating from Russian into the official language of Head of I of the new Criminal code of Republic of Kazakhstan. An author also classified the errors educed in text of Code in obedience to the theory of linguistics.

-
- ¹ Дулатбеков Н. О., Биебаева А. Ә., Сыздық Б. К. және т. б. Билер соты мен ұлттық дәстүрлердің жандануы: заңшығармашылық және әлеуметтік тәжірибе. — Қарағанды, 2008. — 66-б.
- ² Жұмағали А. Проблемы аутентичности уголовного законодательства Республики Казахстан. // (Актуальные вопросы развития уголовного законодательства в рамках разработки нового уголовного кодекса Республики Казахстан: Мат-лы междунаод. науч.-практ. конф.) /<http://www.zakon.kz/analytics/4516261>
- ³ Арутюнова Н. Д. Типы языковых значений: Оценка. Событие. Факт. — М., 1998. — С. 75.